



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

А. Құнанбаевтың поэзиясында тек қазақ халқына тән сөздер мен сөз тіркестері молынан қолданылған. Оның кез келген өлеңі бұған дәлел бола алады. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңінің үзіндісіне назар аударайық:

Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз **күлкің бұзылды**, түнде ұйқың.
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – жыртың.
You cannot display power over your own good;
your night sleep is broken, **you've forgotten** daytime **laughter**.
Envygnaws at those who are not strong,
tomorrow is different from today.

Бұл өлеңде автор адамға тән теріс қасиеттерді сипаттайды. Атап айтсақ, ол қызғаныш сезімін бейнелейді. Ағылшын тілінде автор «envy», яғни «қызғаныш» сөзін қолданады. Қазақ тілінде «көрсеқызар» сөзі тек қызғанышты ғана суреттемейді. «Көрсеқызар» сөзіне нақтылай түсіндірсек, құмарлықтың іштарлықтың ең төмен деңгейін көрсетеді. «Қызғаныш» сөзінен «көрсеқызар» сөзін қолдану әсерілек және ойды толықтай беруге мүмкіндік береді. Қазақ тілінде қызғаныш көзбен байланысты, яғни біреудің байлығын көріп, оған қызығу. Ағылшын тілінде әсерді асыру үшін, «to gnaw» етістігі қолданылып жатыр. Ол «жеу» деп аударылады. «Қызғаныш әлсіз адамдарды жейді» деп үшінші тармақты аударуға болады. Қазақ халқының түсінігінде «жеу» етістігі «ар, ұятпен» байланысты.

Қорыта келе, ағылшын және қазақ халықтары бір эмоцияны, бір күйді, бір сезімді әр түрлі бейнемен, әр түрлі тәсілмен көрсете алады. Бұның түбі ұлттың танымында жатыр. Ал таным ғасырлар бойы қалыптасады. Оған тарих, салт-дәстүр, әдет-ғұрып: мәдениет әсер етеді.

Қолданылған әдебиет

1. Ғ. Есім. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
2. Abai. Book of Words. – Semey: Abai international club, 2005. – 184 p.
3. Shakhanov M. Novels in poems. – Almaty: Bilim, 2002. – 424 p.
4. Мұхтар Шаханов. Эверетке шығу. – Алматы: Атамұра, 2003, 272 б.
5. Лыткина О. И. Проблемы изучения коцепта в современной лингвистике. – Вестник Московского государственного гуманитарного университета им. М. А. Шолохова. – №4, 2009. – 13-23 с.
6. Маслова В. А. Когнитивная лингвистика. – Москва: ТерраСистемс, 2008. – 266 с.

УДК 81.33

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЕҢБЕК ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Кенесалы А.Н.

ayana.kenesaly@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Н. Жұмай

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар талай замандар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Мақал-мәтелдерден халықтың ақыл-ойы, даналығы мен тапқырлығын көреміз. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. “Мақал-

мәтел – сөз мәйегі”, “Мақал – сөздің мұнарасы”, - деп, қазақ халқы ауыз әдебиетінің асыл жанрына аса құнды баға берген. Қазақ халқы қашан да өскелең ұрпақты тәрбиелеудің мәнін, оның қиындығы мен қуанышын, одан шығатын нәтижені біліп отырған. Осы тұрғыдан алғанда, ауыз әдебиетіндегі шағын жанрлардың бірі мақал-мәтелдер баланың ой-өрісін, дүниетанымын, қиялын, тілін дамытуда, тәлім-тәрбие беруде үлкен маңызды рөл атқарады. Мақал-мәтелдер – әр кезеңде ата-бабадан ұлағатты сөз, парасатты ой ретінде ұрпақтың еншілеген мол қазынасы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде халықтың өмір сүру барысындағы тәжірибесі, көңілге түйген ақылының кені жатыр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал мен мәтелге мынандай түсіндірме берілген: «Мақал – үлгі-өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз; мақал деп қысқа, образды, ұйқасты, тұжырымды нақыл сөзді айтамыз» [1,102]. «Мәтел – тұжырымды, бейнелі әрі ықшам нақыл сөз» [2,168].

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегіне келер болсақ, А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын халықтың салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады»[3,112],— деп көрсеткен болатын. Демек, мақал тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміздің шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болып келсе, ал мәтел тұрмыста қолданылатын сөздердің шындыққа жанаса қоймай, кесегімен айтылатын сөздер қатарына жатқызылады. Қазақ мақал-мәтелдері сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Ал Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» сөздігінен: «Ұлық болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал «Құдатғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» [4, 56] дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректерге сүйене отырсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғандығына көз жеткіземіз.

Мақал-мәтелдер негізінен халық аузында ауызша сақталған. Ал, оларды нақты жинап, қағаз бетіне түсіру, баспасөз беттерінде жариялау – XVIII ғасырдың II жартысынан басталады. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов болды. Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалар» [5, 416] атты еңбегіндегі біршама мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылықтарын жоғалтқан жоқ. Сол уақыттан бері қазақ мақал-мәтелдері түрлі жинақтарда, хрестоматияларда жазылып, жарияланып келді. Қазақ халық ауыз әдебиетінің нұсқалары, соның ішінде Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиетте 1879 жылы Орынборда жарық көрген, кейін 1906 жылы толықтырылып қайта басылған Ы.Алтынсарин хрестоматиясының алатын орны ерекше. Бұл хрестоматияда берілген мақал-мәтелдер бірнеше тақырыптарға бөлініп, жүйелі түзілген.

Мақал-мәтелдер – халық шығармашылығының көне жанры. Олардың көбі жазу шықпай тұрып пайда болды. Сондықтан олардың алғашқы қайнар-көздері туралы мәселе ашық болып саналады. Ағылшын мақал-мәтелдер пайда болуының осындай негізгі қайнар-көздері ретінде халықтық, әдебиеттік, библияның пайда болуы, басқа тілден алынуы және мақал-мәтелдер ретінде Шекспир цитаталарының пайдаланылуы саналады.

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріне қатысты негізгі айырмашылық мынада: қазақ мақал-мәтелдерінің ауқымды тобы жеке тұлғаға (би, шешен, ақылғөй, дана қариялар т.б.) байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып отырған. Ал ағылшын мақал-мәтелдерінің негізгі бұлағы діни ағым, қасиетті кітаптан тараған ұлағатты сөздер болып табылады және Шекспир сынды ұлы тұлғалардың айшықты, мәнді сөз үлгілері ерекше орын алады. Мәселен, біздің жыл санауымыз бойынша 320 жылдардағы Теофрастус (Theopatrus) жазбаларында мынадай мақал кездеседі: «There is a time of everything», оның қазақ тіліндегі баламасы келесі мақалмен беріледі: Сабақты ине сәтімен. Бұл мақал қасиетті кітап Інжілдің «To everything there is a season, and a time to every purpose under the heaven». (с.с.а.: Аспан

астында әр нәрсенің, әр мақсаттың өз мерзімі бар) деген өсиет, өнегелерінен ықтималдылық, тұрақтылық қалыпқа енген.

Мақал-мәтелдерде бала тәрбиесіне де үлкен мән беріледі. «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған күл етеді» деген мақалдың мәнісі – жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім, өнер мен еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз орнын алып, даналық сөздеріміз болып табылатын мақал-мәтелдерден өнеге алмақ.

Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің тақырыптары әр алуан: туған жер, ел-отан, еңбек, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік кәсібі, ынтымақ, достық, ерлік, батырлық, жақсы адам мен жаман адам т.б. Солардың ішінде ең күрделі бір саласы адам баласының еңбек етуіне арналған мақал-мәтелдер болып табылады. Бұл тектес мақалдардан халықтың еңбек жайындағы көзқарасы байқалады. Еңбек адамды мақсат-мұратқа жеткізуші, абырой әперетін іс екендігін халық мақалдары арқылы дәлелдеп көрсетеді. “Еңбегі көптің – өнбегі көп”, “Еңбек еткен – мұратқа жеткен” деп, халық адал еңбекті ардақтайды. Дүние – байлық, шат өмір еңбек арқылы болатындығын, адамды тек еңбек қана қатарға қосатындығын суреттейді. Еңбек етпеген адам – жатып ішер жалқауларды халық өзінің мақалы арқылы сынға алады, шенейді. Бұған “Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады, еріншек ұйқыдан қирап тұрады.”, “Еріншектің ертеңі таусылмас” деген мақалдарды мысал ретінде келтіруге болады.

Еңбек тақырыбына арналған қазақ тіліндегі де, ағылшын тіліндегі де мақалдардың қайсысы болса да ақыл-өсиет түрінде айтылады. Еңбек ету оңай еместігін, қиыншылығы мен бейнеті, ауыртпалығы барлығын ескертеді. Осылардың бәрін еңбегімен жеңген адам ғана мақсатына жететіндігін аңғартады. Мұны “Бейнет, бейнет түбі – зейнет”, “Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер”, “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей”, “Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді?” деген секілді мақалдардан көреміз. Бұл тектес қазақ халқының мақалдары адамды еңбек – кәсіп етуге, жұмыс істеуге үндейді, тек еңбек қана абырой-атақ әпереді деп қорытынды жасайды.

Ал ағылшын тілінде де еңбек туралы мақал-мәтелдер молынан кездеседі. Ағылшын және қазақ тіліндегі еңбек туралы мақал-мәтелдерге тоқтала кетсек, «Business before pleasure» деген ағылшын тіліндегі мақалдың қазақша баламасы – «бейнет түбі – зейнет» болып келеді. Бұл мақалдың екі тілде де мағынасы ұқсас келеді: саналы ғұмырында тынбай еңбек етіп, Жаратушы берген өмірі қартайған шағына жеткен кезде кез келген адам зейнет демалысында қамсыз өмір сүруді армандайды. Бұл жерде мақалдар тура аудармасы бойынша әрі ұқсастық, әрі үндестікті көрсетеді және екі тілдегі баламасы да жай сөйлем түрінде беріліп тұр.

«No rain, no gain» – «Еңбек етсең – емерсің». Бұл мақалдың мағынасы екі халық ұғымында да өмірдегі бар байлық, жақсылық, табыс пен береке тек талпыныс пен еңбектің арқасында келеді дегенге саяды. Мақалдың ағылшын тіліндегі баламасы болымсыз сөйлем түрінде берілсе, қазақ тілінде шартты сөйлем түрінде беріліп тұр.

Келесі бір «A tree is known by its fruit» мақалының қазақша аудармасы – «Еңбегіне қарай өнбегі» түрінде ұшырасады. Бұл мақалдың да өзіндік мағынасы, тәрбиесі, өнегесі бар, себебі адам қалай жұмыс істесе, еңбек етсе, соның жемісін алады. Адам еңбек етуден жалықпаса, талпынса ол сол еңбегінің жемісін көреді. Бұл мақал сөзбе-сөз аударылмаса да, мағыналары бір деп айтуымызға болады.

«Care killed the cat» – «Еңбек қажытпайды, қайғы қажытады». Былай қарасақ, екі мақалда да түпкі бір үндестік – еңбек етсең ғана бұл өмірде қиындықты жеңе аласың деген ұғым жатқаны байқалады. Алайда ішкі мәніне үңіліп қарасақ, мақалдың ағылшын тіліндегі баламасы қазақ тіліндегі баламасымен тек мағынасы жағынан үндеседі. Ал ағылшын тіліндегі мақалдың құрамындағы сөздерді жеке алып қарасақ, онда мақал өз мағынасын жоғалтып алатыны көрініп тұр.

Көріп отырғанымыздай, ағылшын және қазақ халықтарының еңбек туралы мақал-мәтелдерінде айырмашылықтарға қарағанда ұқсастықтардың көп екені байқалады. Бұл

ұқсастықтар қос халық ұғымындағы – тәрбиелік маңыздылығы байланысты туындап отыр. Ағылшын және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді үйрету негізінде тек ағылшын, қазақ халқының көп ғасырлық өмірлік тәжірибесімен, әлеуметтік, этикалық және эстетикалық көзқарастары мен дүниетанымымен таныстырып қана қоймай, ең бастысы сол нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін түсіндіріп, сөздік қорын байытамыз. Сонымен бірге бірқатар қазақ және ағылшын тіліндегі еңбек туралы мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өзара сәйкестіктері байқалды, яғни абсолютті эквиваленттілік немесе теңбе-тең балама түрлері де кездесетінін байқаймыз. Сонымен қатар екі тілдегі еңбек туралы мақал-мәтелдер жай сөйлем күйінде және тура мағынада қолданылады, яғни мақалдар мәтелдерге қарағанда көбірек кездесетіндігі байқалады. Себебі ағылшын тіл білімінде мақал мен мәтелдің ара жігі нақты ажыратылмай, біртұтас тұрақты тіркес ретінде қарастырылады. Туыс емес тілдердегі бірқатар мақал-мәтелдердің өзара мағыналас болып келуі қазақ және ағылшын халықтарының өмір тәжірибесінің, көзі жетіп, көкейіне түйген ой-тұжырымдарының ұқсастығымен, астастығымен байланысты.

Қорыта келгенде, мақал-мәтелдердің қай-қайсысын алсақ та, олар халықтың жан-дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тіршілігінің айнасы, ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып қана қоймайды, оның уақыт озған сайын құны артпаса арзымас қазына екенін көрсетеді.

Қолданылған әдебиет

1. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Алматы – 2008. – 968 б.
2. Адамбаев Б. Ағылшын және қазақ мақал – мәтелдерінің құрылымдық және мағыналық ұқсастықтары // Алматы, 1996. – 17 б.
3. Закирова А.С. Мақал-мәтелдер және дүниенің тілдік бейнесі // ЕҰУ хабаршысы, Гуманитарлық ғылымдар сериясы, №1(80) 2011.
4. Егеубай А. Түрік тілдерінің сөздігі. – Алматы:1997. – 360 б.
5. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1994. – 460 б.

УДК 347.78.034

ДЕТСКАЯ ЛИТЕРАТУРА В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ: К ВОПРОСУ О СПЕЦИФИКЕ ПЕРЕВОДА

Ковтун Оксана Владимировна

shadovlady@mail.ru

магистрант кафедры общего языкознания и теории перевода Евразийского
национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Н.Ж. Шаймерденова

В эпоху глобализации и полиязычия становится актуальным исследование детской литературы в современном мире и их переводы на языки мира, что, в свою очередь, ставит проблемы комплексного (семантического, лингвокультурологического, когнитивно-коммуникативного) анализа детской литературы, а также описание особенностей ее перевода с одного языка на другие языки.

Вполне закономерно ставится вопрос: что такое детская литература и в чем заключаются ее особенности? Каков читательский интерес к детской литературе и как представлена она на издательском рынке различных государств?

Основным критерием, который позволяет отделить детскую литературу от взрослой литературы, является читательская аудитория, а это – дети, которые и являются самыми лучшими экспертами, оценивающими предложенную им книгу. Как известно, прочитанные в детстве книги, надолго остаются в памяти детей, образы героев произведений становятся теми ориентирами, которые в различных ситуациях позволяют ребенку найти нужное